



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАР

2017 жылғы 16 наурыз

Қазақстанда инфляция қарқынының баяулауы байқалады

Ұлттық Банктің макроэкономикалық өлшемдерді болжау жөніндегі экономикалық моделі инфляция бойынша болжамдардың 2018 жылғы 1-жартыжылдықтағы нысаналы болжамдарға да сәйкес келу ықтималдылығының жоғары екендігін көрсетіп отыр. Бұл туралы журналистерге дәстүрлі баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.



Ұлттық Банк басшысының пікірінше, «2017 жылғы ақпанда айлық инфляция 1%-ды құрады, бұл жылдық көрсеткіш бойынша 7,8%-ға сәйкес келеді». «Осылайша, жылдық инфляция 6-8%-дық нысаналы дәліз аралығында орнықты және, күйзелістер болмаған жағдайда, ол бүкіл 2017 жыл бойы сол шекте қала береді», – деп атап өтті Д. Ақышев.

«Инфляцияны нысаналы дәліз ішінде одан әрі сақтау мүмкіндігін инфляциялық күтулерді бағалау бойынша тексеру нәтижелері растайды. Халыққа ақпанда жүргізілген соңғы пікіртеріміздің нәтижелері халық қабылдайтын жылдық және айлық инфляция деңгейінің төмендегенін көрсетіп отыр. Ақпанда бір жыл бұрын инфляциялық күтулерді сандық бағалау 5,9%-ды құрады, яғни, нақты инфляциядан төмен деңгейде қалыптасты», – деп нақтылады ол.

Базалық мөлшерлемені төмендеткен соң ақша нарығы мөлшерлемелерін түзету

болды – Д. Ақышев

Базалық мөлшерлемені төмендеткен соң ақша нарығы мөлшерлемелерін тиісті түзету болды. Бұл жайлы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев журналистерге баспасөз конференциясы кезінде хабарлады.

«Күтіп отырғандай, бір күндік РЕПО операциялары бойынша мөлшерлеме деңгейі шамамен 1%-ға төмендеді, базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шегінде орналасқан. Ағымдағы жылғы 13 наурыздағы жағдай бойынша осы мөлшерлеме 10,12%-ды құрады», – деп хабарлады Д. Ақышев, сол сияқты «ақша нарығында артық теңгелік өтімділік сақталып отыр, осыған байланысты Ұлттық Банк оны алуды, ең бастысы, қысқамерзімді ноттарды орналастыру арқылы жалғастырады», – деп қосты.

Д. Ақышев ақпанда айналыстағы ноттар көлемінің 8,6%-ға 2,9 трлн. теңгеге (жылдың басынан – 14,6%-ға өсу) дейін ұлғайғанын нақтылады. «Ноттардың кірістілігі базалық мөлшерлеmeden кейін төмендейді. 10 наурызда 1 жыл айналыс мерзімімен кірістілігі 9,6% ноттарды орналастыру бойынша аукцион биыл үшінші рет өткізілді», – деді атап өтті ол.

Оған қоса, ҚР ҰБ басшысы «Ұлттық Банктің бағалауы бойынша базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізу мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету арасындағы ұзақмерзімді тепе-теңдікті көрсетеді», – деп хабарлады.

Д. Ақышев «Инфляцияның 8%-дан төмен деңгейде тұрақтануы Ұлттық Банкке 21 ақпаннан бастап базалық мөлшерлемені пайыздық дәлізді +/- 1 п.т. сақтай отырып 12%-дан 11%-ға төмендетуге мүмкіндік берді», – деп еске салды.

Валюта нарығындағы ахуал орнықты тұрақтылықты көрсетуді жалғастырып отыр – Д. Ақышев



Қаңтар-ақпанда мұнайдың әлемдік бағасының бір баррель үшін \$53 астам деңгейде сақталуы теңге бағамының нығаюына себепші болды. 2017 жылғы 2 айда теңгенің нығаюы 6,2% болды және ақпанның соңында теңгенің бағамы бір АҚШ доллары үшін 312,76 теңге болды. Айырбастау бағамының ағымдағы мәндері 2015 жылғы қарашадағы деңгейге оралды. Осындай деректерді баспасөз конференциясында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтты.

«Ақпанның соңында орын алған «салық аптасы» аяқталған соң теңгенің айырбастау бағамы ұлттық валютаға деген жоғары маусымдық сұраныс кезеңінен кейін,

түзетудің қалыпты процесін бастады», – деді Д. Ақышев, сондай-ақ «наурыздың бірінші он күндігінде АҚШ-та мұнай қорларының өсуі туралы ақпарат мұнай бағасына теріс әсер етті» деп толықтырды. «Мұнай бағасының бір баррель үшін 51 доллар деңгейіне дейін (13 наурыз) төмендеуі сондай-ақ теңгенің шамалы әлсіреуінің себебі болды», – деді Ұлттық Банк басшысы.

«Біз еркін өзгермелі айырбастау бағамының қағидаттарын басшылыққа алуды жалғастырамыз, бұл теңге құнының ішкі және сыртқы іргелі факторларға сәйкес келуін, сондай-ақ теңге бағамының серпінін жеткілікті түрде жоғары болжауды қамтамасыз етеді», – деді Д. Ақышев. Сонымен қатар ол Ұлттық Банктің жарты жыл бойы 2016 жылғы қыркүйектен бастап валюта нарығында өктемдіктер жүргізбейтінін атап өтті. Сондықтан, ҚРҰБ Төрағасының айтуынша, айырбастау бағамының негізгі үрдісіне Ұлттық Банктің ықпалы нөлге тең болды.

Қазақстанның алтынвалюта резервтері ақпанның соңында \$30 млрд.-ға жетті

Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері ақпанның соңында алдын ала деректер бойынша бір айда 2%-ға немесе \$558 млн.-ға ұлғайып, \$30 млрд.-ға жетті. Бұл туралы журналистерге баспасөз конференциясы кезінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Елдің халықаралық резервтерінің жалпы сомасы Ұлттық қор активтерін – \$63 млрд.-ы қоса алғанда, \$93 млрд.-ға немесе шамамен ІЖӨ-нің 70%-ына жетті, деп хабарлады Д.Ақышев.

Қазақстанда МБҚ қайталама нарығын қалпына келтіру жалғасуда

Қазақстанда мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығын қалпына келтіру жалғасуда. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев елдің қаржы нарығындағы жағдай туралы дәстүрлі баспасөз конференциясы барысында хабарлады.

«Қаржы министрлігі жылдың алғашқы екі айы ішінде 171,4 млрд. теңге жалпы сомаға мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастырды. Осы шығарылымдар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық құрылымы нарыққа қатысушылардың күтулеріне барабар қалыптасуда және 9-10,2% шекте тұр», – деп атап өтіп, Қаржы министрлігі 2015 жылғы мамырдан бастап 2017 жылғы 6 наурызда бірінші рет 2,5 млрд. теңге көлемінде 9,0% кірістілікпен 10 жылдық МБҚ орналастырғанын еске салды Д. Ақышев.

Депозит нарығында валюталық салымдардың үлесі төмендеуін жалғастыруда – Д. Ақышев

Долларсыздандыру жалғасуда. Бұл жөнінде дәстүрлі баспасөз конференцияның барысында Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді.

«Валюталық салымдардың үлесі жоғары болып қалуына қарамастан, депозиттердің құрылымы жақсаруы байқалады», - деп хабарлады Д. Ақышев. Айтылған деректерге сәйкес ағымдағы жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша шетел валютасындағы депозиттер 7%-ға төмендеді, теңгедегі депозиттер іс жүзінде өзгерген жоқ – аздап 0,2%-ға төмендеді. Тиісінше, шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 2016 жылғы желтоқсанда 54,6%-дан 53%-ға дейін төмендеді.

Қазақстанның экономикасына кредиттердің көлемі қаңтардың соңында 12,5 трлн. теңге болды – Д. Ақышев

«Банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі жылдың басынан бері 2,6%-ға төмендеп, қаңтардың аяғында 12,5 трлн. теңгені құрады, бұл іскерлік белсенділіктің маусымдық төмендеуіне байланысты». Осындай деректерді баспасөз конференциясы барысында журналистерге Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ұсынды.

«Олардың құрылымында ұлттық валютада берілген кредиттердің үлесі жылдың басынан бері валюталық кредиттердің айтарлықтай қысқаруы аясында бір айда 67,4%-дан 68,0%-ға дейін ұлғайды. Сондай-ақ қысқамерзімді қарыздар портфелінің айтарлықтай төмендеуі нәтижесінде ұзақмерзімді кредиттердің үлесі 81,9%-дан 83,5%-ға дейін өсті», - деді Д. Ақышев.

Ол кредиттеудің одан әрі кеңеюіне базалық мөлшерлеменің жақында орын алған төмендеуі және ақша нарығындағы ресурстар құнының тиісті тұрақтануы ықпал ететіндігін атап өтті.

ҚРҰБ елдегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырады – Д. Ақышев

Ұлттық Банк экономиканың ұзақмерзімді орнықты өсуін қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясатына сәйкес шаралар қабылдауды жалғастырады және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырады. Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев баспасөз конференциясы барысында журналистермен осындай жоспарларымен бөлісті.

«Банк секторының жиынтық активтері 2017 жылғы 1 ақпанда 25,2 трлн. теңгені немесе ІЖӨ-нің 55,2%-ын, несие портфелі – 15,3 трлн. теңгені немесе ІЖӨ-нің 33,5%-ын құрады», – деп хабарлады Д. Ақышев.

Сондай-ақ ҚР ҰБ басшысы салымшылардың зейнетақы жинақтарына байланысты деректерді де атап өтті. Мәселен, «зейнетақы жинақтары 1 ақпандағы жағдай бойынша 2017 жылдың басынан бастап 28,5 млрд. теңгеге (0,4%) ұлғайып, 6,7 трлн. теңгені немесе ІЖӨ-нің 14,7%-ын құрады».

Д. Ақышевтың айтуынша, сақтандыру секторында оң серпін байқалады. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 1 ақпанға жыл басынан 2%-ға өсумен 873,9 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан 474,2 млрд. теңгеге дейін 4,4%-ға өсті», – деп қорытындылады Қаржы реттеушісінің басшысы.

Ұлттық Банк дарынды жас мамандарды іздестіру науқанын аяқтады

Қазақстан Ұлттық Банкінде еліміздің басты қаржы институтында жұмыс істеу үшін жас мамандарды және жоғары оқу орындарының түлектерін іздестіру жөніндегі науқанның қорытындысы шығарылды.

Үміткерлерден өтініштер 2016 жылғы 20 қыркүйек – 20 қазан аралығында қабылданды. Қарауға 960 резюме келіп түсті.

Үміткерлерді іріктеу процесі бірнеше айға созылды. Тиісті білімі, жұмыс тәжірибесі және Ұлттық Банктің қызметкері болғысы келетін үміткерлер іріктеудің бірнеше кезеңінен өтті – жеке және коммуникативтік дағдыларды бағалауға арналған тестілеу, ҚРҰБ бөлімшелерінің басшыларымен әңгімелесуді қоса алғанда, бірнеше әңгімелесу.

Нәтижесінде, 48 үміткер бойынша оң шешім қабылданды: 27 адам лауазымға тағайындауға ұсынылды, 21 адам Ұлттық Банктің кадр резервіне алынды.

Ұлттық Банк бұдан әрі осындай науқандарды өткізу практикасын жалғастырады,

олар туралы ақпарат Ұлттық Банктің сайтында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жарияланатын болады. Келесі осындай науқан сәуірде өткізіледі деп жоспарланып отыр, – деп хабарлады Д. Ақышев.

Бұл науқанның басталғаны туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев өзінің 2016 жылғы 20 қыркүйектегі онлайн-конференциясы барысында мәлімдегенін еске саламыз. «Ұлттық Банк алдында тұрған стратегиялық міндеттер үздік кадрлардың болуын талап етеді. Ұлттық Банк іске асыруға жоспарланып отырған жаңа идеялар стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті жас кадрларды тартуды талап етеді. Біз жастарды ақша-кредит саясатын әзірлеу, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, қаржы ұйымдарын қадағалау, алтынвалюта активтерін басқару сияқты негізгі бағыттарға, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы жоғары білікті мамандарды тартуды жоспарлап отырмыз», – деген болатын ҚРҰБ басшысы қыркүйекте.



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz